

НАУҚАСТАН АНАМНЕЗ ЖИНАУ. Сырқатнама толтыру.



Жоспары:

1. Ауру тарихын толтыру
 2. Науқастан анықтамалар жинау
 3. Шағымдарын, анамнезін жинау
 4. Сұрап тексеру, қарап тексеру
 5. Диагноз қою
- Қорытынды.

Науқасты тексеру және сырқатнама толтыруды мына кезектілік бойынша жүргізу керек:

- I. Науқас жайлы анықтамалар жинау
- II. Тексеру жүргізу
- III. Диагноз қою
- IV. Емдеу

Науқас жайлы анықтамалар жинау

- Паспорттық анықтамалар(аты-жөні,жасы,мекен-жайы)
- Сұрап тексеру
- Науқастың шағымдары.
- Анамнез жинау.

Шағымдарын анықтау:

сұрақтар:

- «қандай шағымдармен келді?»

(жетекші) сұрақтар:

- «қалай ауырады»
- «неден ауырады, қанша уақыт ауырады?»
- «қашан күшейеді?»
- «ауру сезім шектелген немесе таралған?»

Сұрап тексеру:

Науқасты сұрап тексеру – бұл үлкен шеберлік.

- Шағымдарды анықтау;
- Шағымдарды нақтылау (детализация);
- Аурудың басталуын және дамуын анықтау;
- Аурудың ағымын бағалау;
- бұрын жүргізген емнің нәтижесін қарау.

Анамнез жинау

- **Anamnesis** (греч.) – еске аламын.
- Аурудың тарихы – **Anamnesis morbi**.
- Өмірдің тарихы – **Anamnesis vitae**

Аурудың анамнезі (morbi):

- Қашан ауру басталды (бірінші симптомдарды қашан сезді)?
- Ауру қалай басталды?
 - Аурудың басталуы немен байланысты?
- Клиникалық белгілері қалай дамиды?
- Ем жүргізді ма?
- Ем нәтижелі болды ма?

Өмірдің анамнезі (Vitae):

- Туған жері?
- Мекен жайы?
- Өндірісте жұмыс жағдайы?
- Тұрмыстық жағдайы?
- Тамақтандыру ерекшеліктері?
- Бұрын және қазір қандай аурулармен ауырады (Перенесенные и сопутствующие заболевания)?
- Аллергоанамнез?
- Зиянды әдеттер?

Лимфа түйіндерін сипап тексеру.

- Төменгі жақ асты (Поднижнечелюстные)
 - Иек асты (Подподбородочные)
 - Шүйде (Затылочные)
 - Мойын (шейные)
 - Жақ артқы (Позадичелюстные)
 - Ұртты (щечные)
 - Бұғана үстіндегі (Надключичные) және т.б.
- Екі қолдың көмегімен сипап тексереді (бимануальды)!!!

шайнау бұлшықеттерін тексеру

- **Самай-төменгі жақ буынын тексеруді пальпация арқылы жүргіземіз, яғни саусақты сыртқы есту жолына қоямыз және науқасқа аузын ашып жабуын өтінеміз. Сол уақытта буындағы ауру сезімді, қозғалу дыбысын, бірдей қозғала ма, жоқ па, сықырлағанын, тербелісін анықтауымызға болады. Шайнау бұлшықеттерін де пальпация арқылы бимануальды тексереміз. Сонда бұлшықеттің тонусын, оның тығыздығын, ауру сезімі бар болса оны анықтаймыз.**

Ауыз қуысын тексеру

- Айна, зонд, пинцет көмегімен жүргізіледі.
- Ауыз қуысының кіреберісін, еріннің қызыл жиегін және еріннің кілегей қабығын қарап тексеру.
- Ұрттың кілегей қабығын қарап тексеру.
- Тіс қатарларының ара қатысын анықтау (тістесуін).
- Қызыл иекті қарап тексеру.



- Ауыз қуысының түбін;
- Жұмсақ және қатты таңдайды;
- Ретромолярды кеңістікті;
- Тіс қатарын – айна және зонд көмегімен
- Тістердің қозғалғыштық деңгейін (пинцет көмегімен);
- Тісжегі қуыстар бар ма;



Тіс қатарын қарап тексеру

- Жоғарғы жақ – оңнан солға қарай.
- Төменгі жақ – солдан оңға қарай.
- Стоматологиялық айнаны және зондты қолданады.
- Барлық тістерді қарап тексеру керек



Пародонт тіндерін тексеру

- маргинальды пародонт жағдайын
- Қызылиек жиегін (қабыну,атрофия)
- Қызылиек қалтасы, оның тереңдігін, ірің аға ма жоқ па?
- Клиникалық сауыттың қаншалықты үлкейгендігін
- Тістердің патологиялық қозғалғыштығын пинцет көмегімен

Пальпация

- - сипап тексеру.
- Ауру сезімін, ісінгенін, домбыққанын, тығыздалғанын, кілегей қабығының қозғалғыштығын, инфильтратын, флюктуацияны (абсцесс пайда болуын) және т.б. анықтау үшін
- Сипап тексергенде сау жерден бастайды, ақырын зақымдалған (қабынған) жерге жақындап



- ***Ауру тарихы (амбулаторлық карта)*** - науқас туралы мәліметтер, анамнезі, стоматологиялық статусы, тексеру әдістері, диагнозы, емделуі мен емдеу күнтізбесі толтырылатын құжат. Сонымен қатар амбулаторлық карта заңды құжат, әр түрлі келеңсіз жағдайлар болғанда, соттық үрдістерде қолданылады. Амбулаторлық карта толық, таза, дұрыс толтырылуы қажет.

Қорытынды.

- Қорыта келгенде негізгі диагноз қоюға, ем нәтижесін тағайындауға науқастан анамнез жинау, сырқатнама жинау маңызды рөл атқарады.